БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ (БСҚА)

«6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын мамандандырылған аккредитация аясында ұйымның өзін-өзі бағалау есебін оқу және аудит нәтижесі негізінде Білім берудің сапасын қамтамасыз етудің тәуелсіз қазақстандық агенттігінің эксперттік тобының

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде ӨТКІЗІЛГЕН СЫРТҚЫ АУДИТ БОЙЫНША ЕСЕБІ

13-14 наурыз 2017 ж.

Талдықорған, 2017 ж.

Состав экспертной группы

Амандыкова Сауле Кошкеновна
Руководитель группы
декан юридического факультета Евразийский национальный университет им. Л. Гумилева
доктор юридических наук, профессор



Peeter Järvelaid
Международный эксперт
Факультет права, ассоциативный профессор истории права, Таллинский Университет, Эстония

Шилин Михаил Борисович
Международный эксперт
Доктор географических наук, профессор кафедры " "Экология и биоресурсы", Российского государственного гидрометеорологического университета, г. Санкт-Петербург, Россия.



Даулетбекова Жанат Турарбековна
Эксперт
Доктор педагогических наук, доцент, заведующая кафедрой "Казахский язык и литература", Казахского национального педагогического университета имени Абая



Тайкулакова Гульнара Сериковна
Эксперт
Алматы Менеджмент Университет, доцент кафедры «Экономика и Оценка», кандидат экономических наук



Махамедова Баглан Якупбаевна
Эксперт
Кандидат педагогических наук, профессор, Декан факультета «Агробиология» Казахский национальный аграрный университет



Абаева Жамиля Сериковна
Эксперт
Заместитель Заведующей кафедры русской филологии и мировой литературы, Казахского национального университета имени аль-Фараби, кандидат филологических наук, доцент

Карсыбеков Руслан Нурбекович
Представитель работодателей
Эксперт-оценщик ТОО «Жоламан» г. Талдыкорган

Толендинова Мадина Багдатқызы
Представитель студенчества
Академия экономики и права имени У.А.Джолдасбекова,
Студентка 4 курса Учет и Аудит

Отчет по внешнему аудиту НКАОКО-IQAA

Уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел образовательной программы «6D011700-Казахский язык и литература» в ЖГУ им. И.Жансугурова по каждому стандарту

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта			
	соответствует	соответствует с небольшими замечаниями	соответствует с замечаниями	не соответствует
Стандарт 1 Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества	✓			
Стандарт 2 Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией	✓			
Стандарт 3 Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка	✓			
Стандарт 4 Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация	✓			
Стандарт 5 Профессорско-преподавательский состав	✓			
Стандарт 6 Учебные ресурсы и поддержка студентов	✓			
Стандарт 7 Информирование общественности	✓			

СОДЕРЖАНИЕ

ГЛАВА 1 КОНТЕКСТ И ЦЕЛИ ВИЗИТА
Введение…… 6
Основные характеристики вуза…… 6
ГЛАВА 2 ОТЧЕТ О ВНЕШНЕМ АУДИТЕ ЭКСПЕРТНОЙ ГРУППЫ
Соответствие стандартам специализированной (программной) аккредитации
Введение…… 6
Стандарт 1
Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества…… 7
Стандарт 2
Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией…… 10
Стандарт 3
Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка…… 14
Стандарт 4
Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация…… 17
Стандарт 5
Профессорско-преподавательский состав…… 19
Стандарт 6
Учебные ресурсы и поддержка студентов……..…… 22
Стандарт 7
Информирование общественности…… 24
ГЛАВА 3
ЗАКЛЮЧЕНИЕ…… 27
ПРИЛОЖЕНИЯ
Приложение 1
Программа внешнего визита…… 29
Приложение 2
Список всех участников интервью…… 32

КІРІСПЕ

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мақсатына сай бәсекеге қабілетті, жоғары білікті, қоғамның ғылыми және мәдени дамуын қамтамасыз ететін кадрларды даярлау үшін 6D011700 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы негізінде докторанттар оқытылады.

6D011700 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасы І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің миссиясы мен «2017-2020 жылдарға арналған даму стратегиясына» сәйкес жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасының мақсаттары миссияға, стратегиялық даму жоспарына сәйкес анықталған.

6D011700 – «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша білім беру ісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің лицензиясы (03.02.2010ж. АБ №0137366) негізінде 2010 жылдан бастап жүзеге асырылуда. Жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасын меңгеруде қорытынды аттестаттаудан өткен бітірушілерге 6D011700 – «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы бойынша «Философия докторы» дәрежесі беріледі.

Сыртқы аудит мерзіміндегі білім алушылардың контингенті – 4 (гранттық негізде); түлектер саны – 2, екеуі де жұмыспен қамтылған.

Эксперттік топ тарапынан БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ мақсатын, міндеттерін, мазмұнын, бағдарлама құрылымын, ПОҚ-тың біліктілігін көрсететін құжаттар сараптамадан өткізілді. Сонымен қатар, БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ-ның материалды-техникалық базасы туралы құжаттар, бағдарламаны іске асыру үдерісін басқару механизмі мен ұйымдастырылуы туралы, жұмыс берушілермен өзара байланыс және докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуіне арналған база туралы құжаттар қаралды.

Эксперттік топ тарапынан бағдарламаның құрылымын, мазмұнын, мақсат-міндеттері мен миссиясын, ПОҚ біліктілігі мен докторанттар білімінің нәтижелілігін, материалдық-техникалық базасын, жұмысберушілер, іс-тәжірибе базасы және тағы басқа мәселелерді қамтыған білім беру бағдарламалары- ның құжаттарына сараптама жүргізілді.

ЖОО басшыларымен, декан, кафедра меңгерушілерімен, профессор-оқытушы құрамымен, докторанттармен, түлектермен және жұмысберушілермен сұхбат жүргізілді. Сұхбат нәтижесінде жалпы 6D011700-Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасының жүзеге асырылуының деңгейі қанағаттанарлық екені байқалды.

Аудит кезінде жалпы оқу корпусы, кітапхана қоры, жатақхана, іс-тәжірибе базасы, асхана, спорт зал, медпункт, тіркеу бөлімі, ғылыми-зерттеу институты, телестудия, оқу аудиториялары, кафедра, қызмет көрсетуші бөлімдер қаралып шықты. Мамандықты даярлаушы ПОҚ-тың жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейі, материалдық-техникалық база, кітапхана қоры мен ақпараттық қор маман дайындауға мүмкіндік беретіндігі байқалды.

6D011700 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламалары бойынша білім беру үдерісін іске асыратын ПОҚ саны - 8. ПОҚ-тың ғылыми әлеуеті - 100% құрайды.

СТАНДАРТ 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

Дәлелдеулер мен талдау

6D011700 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасының стратегиялық менеджменті мамандық бойынша білім берудің барлық үдерісін қамтиды және бағдарламаның ұзақ мерзімді жетістігіне әрі тұрақты болуына бағытталған. Білім беру бағдарламалары қоғам мен еңбек нарығы сұраныстарына орай қайта қаралып тұрады. Бағдарлама мақсаттарының тиімділігін тәжірибе базалары, жұмыспен қамтамасыз ететін аймақтық ұйымдармен өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер қатары және түлектердің қорытынды бағалары дәлелдейді.

Білім бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету аясындағы саясат пен мамандарды даярлау барысында білім беру бағдарламасын тұтынушылардың талаптарын, студенттердің басқару үдерісіне араласуын, білім беру бағдарламасын жүйелі түрде іске асыру, білім сапасын үнемі арттырып отыру негізге алады. Білім беру бағдарламаларын жетілдіруге және сапасын арттыруға, білім алушылар мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне назар аударуға айрықша көңіл бөлінеді.

Мамандықты шығарушы кафедраның мақсаты филология және әлеуметтік бағыттар бойынша бәсекелестікке қабілетті, білім беру, мәдени ұйымдарда және басқа салаларда кәсіби қызмет етуге дайын мамандарды даярлауға бағытталған.

ЖМУ сайтымен танысуда, өзін-өзі бағалау есебіне және университеттің 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына талдау жасалғанда Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында жүзеге асырылатын білім беру бағдарламалары мақсаты ЖОО-ның «Қоғамның инновациялық дамуы үшін ұлттық және халықаралық деңгейде сапалы білім беру, оқыту және зерттеу арқылы көшбасшы болу» миссиясына, Стратегиялық даму жоспарына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетіндігін көрсетті. Білім беру бағдарламасының мақсаттары елдегі экономикалық даму мен еңбек нарығы талаптарын ескерілген, докоранттарға орталықтандырылған білім беру, оқыту және бағалау назарға алынған Білім беру бағдарламасы бойынша мамандарды даярлауда ұлттық және аймақтық мүдделер ескерілген. Білім беру бағдарламасының айқындығы мен дамуы қоғам, экономика, еңбек нарығы сұраныстарына сәйкес. Білім беру бағдарламасының мақсаттарын айқындауда еңбек нарығы, экономика, қоғамның қажеттіліктерін қамтамасыз ету

көзделген. Білім беру бағдарламасы кредиттік-модульдік жүйе арқылы жүзеге асырылады.

Жұмыс берушілермен сұхбат жүргізу және өзін-өзі бағалау есебімен танысу барысында Қазақстан Республикасы және Алматы облысының динамикалық дамуына әсер етуші мәдениет және өнер, білім, экономика, құқық саласына қажетті, Болон декларациясының принциптеріне сәйкес кәсіби құзыреттілігі жоғары мамандар дайындалып жатқандығы анықталды.

ЖОО-ның факультет, кафедра ПОҚ-пен, докторанттармен және қызметкерлермен кездесу барысында білім беру бағдараламасының мақсат, міндеттерімен жақсы таныс екендігі байқалды.

Университетте сапамен қамтамасыз ету саласындағы саясатты қабылдау және бекіту үдерісі жолға қойылған. Университет ректорымен, проректорларымен сұхбаттасу, оқу және жұмыс жоспарларымен, оқу пәндері бағдарламаларымен танысу, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының хаттамаларын қарау арқылы мамандар дайындау сапасына басқарудың барлық деңгейі бойынша үлкен көңіл бөлінетіндігі байқалды. ЖМУ-да СМЖ басшылыққа алынады. Білім беру бағдарламалары мазмұны ұлттық деңгейде қабылданған нормативтік талаптарға сәйкес келеді.

Әкімшілік, құрылымдық бөлімшелер, ПОҚ, докторанттармен сұхбаттасқанда, Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының хаттамалары мен өзін-өзі бағалау есебін талдағанда олардың білім беру бағдарламаларының сапамен қамтамасыз ету саясатын қалыптастыруға, қолдауға қатысатындығы байқалды және бұл лауазымдық нұсқаулық пен ережелерде белгіленген. Бағдарламаны сапамен қамтамасыз ету саясатын іске асыруға сырттан мүдделі тараптар тартылады.

Кафедра білім беру бағдарламасының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын мониторингтеу, тиімділігін бағалау, қайта қарауды Ғылым және стратегиялық даму орталығы, Тестілеу және білім беру қызметтеріне мониторинг жүргізу бөлімдерімен бірлесе іске асыратындығы да байқалды. Мониторинг нәтижесінде алынған мәліметтер білім беру үдерісін үнемі жетілдіріп отыруға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламалары бойынша оқыту, ғылыми-зерттеу және білім берудің сапамен қамтамасыз ету саясатымен тығыз байланысы бар екендігі байқалды. Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының оқытушыларының аудиториялық сағаттары мен ғылыми-зерттеу жұмыстарының арақатынасы сақталған.

Докторанттар білімін бағалау ағымдық, аралық және қорытынды аттестаттау түрінде жүргізіледі. Білім алушылардың ағымдық бақылауы және аралық аттестаттауы балдық-рейтингтік жүйе бойынша бағаланады. Докторанттың білімін бағалау критерийлері университеттің «Магистранттар мен докторанттарды аралық аттестаттау Ережесіне» сәйкес жүргізіліп, балдық-рейтингтік жүйе бойынша бағаланатындығына көзіміз жетті.

Университетте 2016-2017 оқу жылынан бастап докторанттар білімін бағалау электронды журналға тіркелген.

ПОҚ қызметінің көрсеткіштері ішкі рейтинг арқылы бағаланады. Рейтинг жүйесіне білімгерлердің теориялық және тәжірибелік көрсеткіштері, ғылыми-зерттеу қызметінің түрлері кіреді. Кафедра отырысында докторанттардың аралық және қорытынды аттестациясы, оқытушылардың ашық сабақтары, докторанттардың білім беру бағдарламасына қанағаттануы («Оқытушы студент көзімен» сауалнамасы қорытындысы бойынша), түлектердің кәсіби дайындығы деңгейі (жұмысберушілердің пікірі негізінде) үнемі қарастырылып, шешім шығарылып отыратындығы расталды.

Білім беру бағдарламасының талапқа сай сапалы іске асуының сенімді дәлелдемесі - 6D011700 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасының Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің 2016 жылғы қорытындысы бойынша 3-орынды иеленуі.

ЖМУ-да Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында академиялық адалдықты, академиялық еркіндікті қолдау және кемсітушіліктен қорғау шаралары қарастырылғандығына «Оқытушының ар-намыс кодексі» және «Студенттің ар-намысы кодексімен» (университет сайтында) танысу барысында көз жеткізілді. Кемсітушіліктің кез келген түрінен сақтауды қолдау бойынша іс-шаралар қабылданған. Атап айтқанда, оқытушылар мен студенттер арасындағы өзара сыйластық пен іскерлік серіктестік жағдайын жасау; интеллектуалдық меншік құқығын сақтау (антиплагиат бағдарламасы арқылы тексеру); тәуелсіз емтихан қабылдаушының қатысуымен емтихан алу; оқытушылардың ҒЗЖ бағытын таңдау еркіндігі және т.б.

ЖОО-да жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөнінде нақты саясат жоспарлы түрде жүргізіледі. Университет сайтында оқу орны басшысына тікелей хабарлама жолдай алатын ректор блогы бар. Сонымен қатар, сенім телефоны, тәртіптік кеңес қызмет етеді. Қазақстан Республикасының Жемқорлыққа қарсы стратегиясын оқытушылар мен докторанттарға түсіндіру шаралары жоспарлы түрде өткізіліп тұратындығы да анықталды.

Айғақтар: ЖМУ сайтындағы ақпараттар, Білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебіндегі деректердің шынайылығы; 2020 жылға дейінгі Университеттің Стратегиялық даму жоспарымен сабақтастықта жүргізілген жұмыстардың мазмұны; жұмыс берушілер, университет проректорлары, құрылымдық бөлім басшылары, ПОҚ, докторанттар, түлектермен сұхбат нәтижелері; Білім беру бағдарламаларының негізінде оқу және жұмыс жоспарларының түзілім деңгейі; оқу пәндері бағдарламаларының мазмұндық-құрылымдық жүйесінің талапқа сәйкестігі; лауазымдық нұсқаулықтарды, түлектердің жұмысқа орналасуына мониторинг жүргізудің жолға қойылғаны; аралық және қорытынды аттестаттау ведомостарының, «Оқытушы докторант көзімен» сауалнамасы нәтижелерінің, жұмыс берушілердің сауалнамасындағы жауаптардың талапқа жауап

беретіндігі кафедрада бұл бағыттағы жұмыстардың толық әрі дұрыс жүзеге асырылып жатқандығын дәлелдейді.

Ұтымды жақтары. ЖМУ басшылығының барлық сатыларында ішкі және сыртқы ортаны мониторингілеу жүйесі құрылған және тұрақты түрде жүзеге асырылады. Алынған мәліметтер өңделеді, талқыланады және кәсіби білім беру саласының миссиясын, басым бағыттарын және міндеттеріне толықтырулар мен түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында оқу үдерісі мен ғылыми-зерттеу қызметін ықпалдастыру жүйесі жолға қойылған.

СТАНДАРТ 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ

Дәлелдеулер мен талдау

Университетте білім беру бағдарламасын құрастыру, оны ішкі және сыртқы сараптау және бекіту жүйесі қызмет етеді. Білім беру бағдарламаларын мамандар даярлаушы кафедра құрастырады, одан кейін факультет Кеңесінің отырысында талқыланады, Академиялық қызмет департаменті және университеттің ОӘК-тен сараптаудан өтеді, соңында университеттің Ғылыми Кеңесінде бекітіледі. Осы құрылымдық бөлімше басшыларымен жүргізілген сұхбаттасу Білім беру бағдарламаларын құрастыруды тексеру мен бекітудің барлық кезеңдерінде оның ҚР МЖМБС-ға сәйкестігіне басты назар аударылатындығын көрсетті.

Модульді білім беру бағдарламасын ректордың бұйрығымен бекітілген Білім беру бағдарламаларын құрастырушы жұмыс тобы дайындайды және жұмыс берушілер Кеңесімен келісіледі. Білім беру бағдарламасын құрастыруда пән оқытушылары, білім алушылар және жұмысберушілер өз пікірлерін білдіре алады. Таңдау пәндерінің оқу-әдістемелік кешенін даярлаған ПОҚ докторанттар мен жұмысберушілер кафедра мәжілісінің отырысында пәннің тұсаукесерін жасап, пәннің оқудағы, ғылымдағы, қоғамдағы, маманның кәсіби болашағы үшін қажеттігі жан-жақты талқыланады. Кафедра мәжілісінің шешімі бойынша пән оқыту үдерісіне енгізіледі.

ҚР МЖМБС және оның негізінде құрастырылған оқу жоспарларын (үлгілік, жеке, жұмыс), оқу бағдарламаларын және ПОӘК сараптау арқылы білім беру бағдарламалары құрылымы мен мазмұнын құрастырудың білім беру бағдарламасында кәсіби білім берудің деңгейіне сәйкес іске асырылатындығын анықтадық. Оқу жоспарлары мен бағдарламаларының құрылымы модульдік оқыту технологиясын қолдана отырып құрастырылған және құзыреттілік қалыптастыруға бағытталған.

6D011700 – Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасының мазмұны ҚР МЖМБС талаптарына, Ұлттық біліктілік шеңбері мен Дублин дескрипторларына сәйкес жасалынған.

Қазақстандық еңбек нарығындағы талаптарға сай мамандықтың модульдік білім беру бағдарламасы Дублин дескрипторындағы оқытудың бес басты *нәтижелеріне: білім мен түсіну, білімді қолдану мен түсініп қолдануға, талқылауды қалыптастыруға, коммуникативтілік қабілеттерді жетілдіруге, білім алу қабілетін арттыруға және жаңашылдыққа негізделген. Оқыту нәтижелері бағдарламаның барлық деңгейінде де, жеке пән* модулінің деңгейінде де сипатталған. Модульдік білім беру бағдарламасының құрылымы оқыту нәтижелеріне, құзыреттіліктерге және кредитті қайта есептеу (75 кредит) жүйесіне негізделген.

Қазақ тілі және әдебиеті мамандығы докторанттарын кәсіби дайындауда ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізу, оның әдіснамасы мен әдістерін меңгертуге көңіл бөлінген.

Докторанттардың кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтетін модульдер мен таңдау компоненттерінің мазмұны жүйелі, дұрыс құрастырылғандығы және докторантқа орталықтандырылғаны анықталды.

Мамандықтың оқу-әдістемелік кешендері (МОӘК) талапқа сай құрастырылған. Пәндердің оқу-әдістемелік кешендері (ПОӘК) толық дайындалған және қолжетімді. ҚР МЖМБС, ҮОЖ, ОЖЖ, ПОӘК және т.б. университет сайтына орналастыру арқылы жұртшылыққа таныстырылады.

Барлық оқу-әдістемелік материалдар мен дәрістердің электрондық нұсқалары, электрондық оқулықтар, элективті пәндер каталогы, тест жинақтары университет кітапханасында жинақталған. Электронды кітапхана ресурстарын пайдалануға, ДОӨЖ уақытында оқытушылармен еркін пікір алмасуға толыққанды жағдай жасалынған.

Білім беру бағдарламасында докторантты тұлғалық жағынан кемелдендіру, дүниетанымын кеңейту, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, әлеуметтік құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін пәндер қамтылған. Докторанттарды әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білуге және өзінің кәсіби қызметінде соларға сүйенуге, іскери этика нормаларын сақтауға, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын игеруге бағытталған, бірлесе жұмыс істеу қабілетін дамытатын, жаңа шешімдер ұсына білуге дағдыландыратын, сонымен қатар, кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге жағдай туғызатын «Тілдік қатынастардың ғылыми аспектілері», «Қазіргі қазақ тіл білімінің және әдебиеттану ғылымының даму үрдісі мен жаңа бағыттары», «Жоғары мектепте филологиялық пәндерді оқыту» (жұмысберушілер ұсынысы), «Көптілді білім беру теориясы мен әдістемесі» (докторанттар ұсынысы), «Ғылыми зерттеулердің әдіснамалық негіздері» сынды элективті курстар енгізілген.

Оқу жоспарларын, ОЖЖ, докторанттарды іс-тәжірибеге бағыттау бұйрықтарын, іс-тәжірибені ұйымдастыру базаларымен келісімшарттарды саралау білім беру бағдарламалары педагогикалық және зерттеу іс-тәжірибеден өтетін орындардың нақты айқындалғандығын көрсетті. Іс-тәжірибе бағдарламаларының мазмұны іс-тәжірибенің мақсаты, міндеттері, көлемі (кредиттері) және нәтижелері нақты және негізді түрде қарастырылғандығын растады. Іс-тәжірибелер бойынша құжаттармен, докторанттардың есебімен танысу іс-тәжірибені ұйымдастырудағы тиімді жолдарын көрсетті. Докторанттардың жеке жұмыс жоспарын жүзеге асыруына мүмкіндік беретін іс-тәжірибе базасын таңдауына қолайлы жағдай туғызу мақсатында А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтымен, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтымен келісімшарт жасалған.

Оқу жоспарының құрылымы, оның құрамына кіретін модульдер мен таңдау компоненттері, ДҒЗЖ-ды ұйымдастыру, мамандық докторанттарының республикалық және халықаралық деңгейде өтетін әр алуан ғылыми, мәдени іс-шараларға қатысуы білім беру бағдарламасында докторанттардың жалпымәдени, жалпы кәсіби және кәсіби құыреттіліктерін қалыптастырумен қатар, өздерінің жекелік-тұлғалық қасиеттерін, шығармашылық қабілеттерін дамытуына да мүмкіндіктер жасау көзделгендігін байқатты.

Білім беру бағдарламалары құжаттарының «Оқу үдерісін кредиттік технология бойынша ұйымдастыру Ережесіне» (ҚР БҒМ-нің 20.04.2011ж. №152 бұйрығы 28.01.2016ж. №90 толықтырулар мен өзгерістер) сәйкестігін тексеру оқу жоспарында көзделген оқу қызметінің барлық түрлері білім беру бағдарламасының жалпы еңбек сыйымдылығында ескерілгендігін және білім беру бағдарламалары докторанттардың үлгерімі мен олардың академиялық тұрғыда өсуіне ықпал етуге бағытталғандығын растады.

Ректор, проректор, құрылымдық бөлімше басшыларымен жүргізілген сұхбаттасу университетте оқу жоспары мен қойылған міндеттердің орындалуын бақылау, сондай-ақ оны жетілдіру үшін бағдарламаның өзектілігін; докторанттар білімін бағалаудың тиімділігін; оқыту нәтижелері мен бағдарламаның іске асырылуын, оның сапасына қанағаттануын бағалауды қамтитын кері байланысты қамтамасыз ететін білім беру бағдарламалары сапасын ішкі бағалау мен сараптаудың тиімді, үздіксіз ішкі механизмінің жасалғандығын және қызмет ететіндігін анықтауға мүмкіндік берді.

Кафедра құжаттарымен танысу білім беру бағдарламасын бағалау мен қайта қарастыру жүйелі түрде жүргізілетіндігін, оны жетілдірудің басым бағыттары айқындалып, тиісті іс-шаралар атқарылатындығын, бұл үдеріске докторанттар және жұмысберушілердің қатысатындығын растайды. Докторанттармен сұхбаттасу барысында олардың Ұлттық біліктілік шеңберімен, Қазақстан Республикасында академиялық дәреже алу талаптарымен, докторлық диссертация қорғауға қойылатын талаптармен таныс екеніне көз жеткізілді.

Оқытудың ғылыми-әдістемелік деңгейінің сапасын көтеру, оқу жоспары мен міндеттерінің орындалуын, бағдарламаның өзектілігін, докторанттарды бағалаудың нәтижелілігін, бағдарлама сапасына қанағаттану сынды жетілдірудің кері байланысын анықтау мақсатында тұрақты түрде мониторинг өткізіліп, алынған мәліметтерге талдау жасалынып, жетілдіру жұмыстары атқарылып отыратындығы университет құжаттарында жинақталған.

Айғақтар: Білім беру бағдарламалары өзін-өзі бағалау есебі, университет ректоры, проректоры, құрылымдық бөлімше басшыларымен, докторанттармен жүргізілген сұхбат нәтижесі; білім беру бағдарламалары оқу (үлгілік, жеке, жұмыс) жоспарларын сараптау; оқу пәндерінің бағдарламаларымен, іс-тәжірибе бағдарламаларымен танысу, ПОӘК талдау, докторанттарды іс-тәжірибеге бағыттау туралы бұйрықтармен және іс-тәжірибе есептерімен танысу; қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы оқытушыларының оқу-әдістемелік құралдарын қарастыру.

Ұтымды жақтары: Факультетте докторанттарға арналған арнайы жабдықталған интернет ресурс орталығы мен диссертациялық залдың болуы, абоненттік бөлімнің жұмыс жасауы.

3-СТАНДАРТ. СТУДЕНТТІК ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН ОҚЫТУ, БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Дәлелдеулер мен талдау

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында докторанттарды оқыту, білім беру және бағалау оқу үдерісін орталықтандырылған түрде жүзеге асыру қағидаларына сәйкес. Оқу-әдістемелік құжаттарды сараптау, ішкі аудит аясында ашық оқу іс-шараларымен, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы оқытушы-профессорлар құрамы мен докторанттарының ҒЗЖ-сын ұйымдастыру ісімен, оның нәтижелерімен танысу докторанттардың патриотизм, төзімділік, жауапкершілік, шешім қабылдай білу сияқты тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру үшін жағдай жасалғандығын растады. Оқу қабілеті мен шығармашылық белсенділігін дамыту мақсатында ПОҚ кеңес беру, түрлі мәдени, ғылыми-танымдық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз етіп, бағыт-бағдар береді. Сонымен қатар, оқу-тәрбие жұмысы нәтижесінде докторанттардың жеке қабілеттерін, креативтілік деңгейін арттыратындай деңгейде құрылған.

6D011700 – «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығы докторанттарының ЖОЖ-ын талдау, университеттің оқу жұмысын ұйымдастыру жүйесін меңгеру арқылы оқу үдерісінде докторанттардың даралығы, қоғамдық және дәрісханадан тыс іс-шараларды ұйымдастыруда дербестігі, еркіндікке

ұмтылысы, тұлғалық және кәсіби өсуіне педагогикалық іс-тәжірибе барысында жағдай жасалатындығына көз жеткіздік. Докторлық диссертация тақырыбын анықтауда докоранттың қызығушылығы, тәжірибесі ескерілген.

Докоранттардың оқытушылармен қарым-қатынасының деңгейіне әр семестрде жүргізілетін «Оқытушы студенттер көзімен» сауалнамасы арқылы мониторинг жасалып, тиісті шешімдер қабылданады.

Докторант ғылыми кеңесшісімен бірлесе отырып, ЖОЖ-ын құрастырып, өзінің жеке білім алу траекториясын анықтайды. Докоранттарға оқу жылында оқытылатын элективті пәндер мен жүргізетін оқытушыларды таңдауға мүмкіндік берілген және олардың бастамалары ПОҚ тарапынан қолдау тауып отырған. Атап айтқанда, 2015-2016 оқу жылында академиялық ұтқырлықпен Әулие Климент Охридский атындағы София университетінде білім алған докторант Г.Чукенаеваның «Этнолингвистика» пәнін алдын-ала оқып (3 кредит), емтихан тапсыруына жағдай жасалған және оқу нәтижесі бойынша докоранттың ҒЗЖ сағаттары есептелген.

Сұхбаттасу барысында докоранттар ЖОЖ құрастыру Болон декларациясы құжаттарында ұсынылған технология бойынша жүзеге асырылатындығын атап өтті.

Оқытушылармен және докоранттармен сұхбаттасу кезінде курс басталғанда оқытушының әр пәннің бағдарламасымен, докоранттар білімін бағалау жүйесімен, дескрипторларымен таныстыратындығы және оның ПОӘК-те берілетіндігі анықталды.

Оқу үдерісіндегі барлық құжаттар оқу-әдістемелік кешендер, жұмыс оқу бағдарламалары, студенттің жеке жұмыс жоспары, сабақ кестесі, ағымдық, аралық, қорытынды бақылау бойынша бағалар, транскрипт және т.б. құжаттар, қашықтықтан оқытуға байланысты барлық материалдар университеттің электронды журналында жинақталған. Оған кез келген докторант өз жеке профилі, логин, паролі арқылы қажетті мәліметтерді ала алады.

Әр пән бойынша бақылау формасы модульдік білім беру бағдарламасында айқындалып, университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген. Емтихан билеттері мен оларды бағалау критерийлерін эксперттік комиссия сараптап, кафедра отырысының талқылауына ұсынатындығы кафедра отырысының хаттамасында рәсімделген. Емтихан қабылдау комиссиясының құрамы 3-5 адамнан тұрады, комиссия құрамы кафедра меңгерушісінің өкімімен бекітілген.

Докоранттың білім беру бағдарламалары игеруі ҚР МЖМБС бекітілген нормаға сәйкес жүзеге асырылады. Докоранттардың оқу жүктемесінің көлемі әр оқу жылына оңтайлы түрде бөлінген.

Университетте докоранттардың оқу жетістіктеріне ішкі мониторинг жүргізіліп отырады. «Intranet» жүйесіндегі «Жеке оқу жоспары», «Электронды журнал», «Транскрипт» бөлімдері докоранттардың академиялық жетістіктері бойынша тиімді электронды базаның бар екенін, білім алушылардың өсуі

жайлы жүйелі түрде мәліметтер жинақталып, ақпараттар мониторингіленіп, басқарылатындығын көрсетті. Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының жетістіктері әр семестрде кафедра отырысында талқыланып, бағаланған, есептері тіркелген.

Докторанттың емтихан нәтижесін қайта қарастыру (қажеттілігі туындаған жағдайда) университет ректорының оқу жылына бекітілген бұйрығымен аппеляциялық комиссия жұмыс істейді. Емтиханның қорытынды бағасына қанағаттанбаған жағдайда докторанттың аппеляциялық шағымы қарастырылып, нәтижесі хабарланады. Аппеляцияға беру, оны қарастыру және нәтижесін хабарлау университеттің «Аппеляциялық комиссиясы туралы Ережесін» негізге ала отырып жүргізіледі.

Университет докторанттарының құқықтары мен міндеттері университеттің «Докторантура туралы Ережесінде» көрсетілген.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасындағы құжаттарға сараптама жүргізу кафедрада докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылуы, академиялық ұтқырлығы мен ғылыми тағылымдамаларының жүзеге асырылуына талдау жасалатындығын көрсетті.

6D011700 – Қазақ тілі және әдебиеті мамандығы докторанттарының ғылыми жұмыстарының нәтижелері Қазақстанда және шетелде өткен республикалық, халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақтарында, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда, ғылыми басылымдарда, Scopus мәліметтер базасына кіретін басылымдарда жарық көрген.

Университет Ғылыми Кеңесінің шешімімен халықаралық конференция, семинар өткізілетін мемлекеттерде докторанттардың қатысу мүмкіндіктері және нөлдік емес импакт-факторға ие Scopus, Thomson Reuters компаниясының деректер базасына кіретін халықаралық ғылыми журналдардағы ғылыми мақалаларын жариялау бюджеттен тыс қаржыландыру қарастырылған (24.11.2016 ж. Ғылыми Кеңес қаулысы).

Білім беру бағдарламалары бойынша білім алушы докторанттар жыл сайын әртүрлі масштабта өткізілетін ғылыми байқауларға қатысып нәтиже көрсеткен: Садуакасова С.А. (ЖМУ Ректорының гранттық жобасы, 2014), Чукенаева Г.Т. (Erasmus+K107, Болгария, 2016), Мүлік Д. (Erasmus+K107, Испания, 2016). Сертификаттары кафедрада жинақталған.

Өткен оқу жылдарында мамандық докторанттары Адам Мицкевич атындағы университеттің (Польша, Познань қ.) неофилология факультетінде ғылыми тағылымдамадан өтсе, осы семестрде докторанттардың Ханкук университетінен (Оңтүстік Корея, Сеул қ.), Гази университетінен (Түркия, Анкара қ.), Кадис университетінен (Испания, Кадис қ.) ғылыми тағылымдамадан өтуі жоспарланған.

Кафедрада Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11.02.2012 жылғы № 110 Қаулысымен бекітілген «Оқу-ағарту ұйымдарында білім алушыларды

ауыстыру және қайтадан қабылдау ережесі» талап ететін қажетті құжаттар бар, рәсімделген. Білім беру бағдарламалары соңғы 5 жылда ауыстыру, қайта қабылдау, академиялық демалыс беру жағдайлары болмаған.

Қазақ тілі және әдебиеті мамандығы докторанттарымен жүргізілген сұхбаттасу мен тестілеу және білім беру қызметтеріне мониторинг жүргізу бөлімі, ғылым және стратегиялық даму орталығы жүргізген сауалнама нәтижелерін сараптау докторанттардың білім беру үдерісіне, оқу бағдарламасын жүзеге асыру сапасына, сессия кезіндегі емтихандардың ұйымдастырылуына қанағаттанатындығын көрсетті.

Айғақтар: оқу-әдістемелік құжаттар талдауы; ішкі аудит аясында ашық оқу іс-шараларын көру; оқытушылар мен докторанттардың ҒЗЖ, докторанттардың ЖОЖ танысу; Академиялық қызмет департаменті қызметкерлерімен жүргізілген сұхбаттасу; оқытушылармен және докторанттармен жүргізілген сұхбаттасу; «Intranet» жүйесі жұмысымен танысу; қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы отырысының хаттамаларымен танысу.

Ұтымды жақтары: Жұмыс берушілермен байланысты бағалау жүйесі және олардың талаптарын талдау негізінде білім беру нәтижелері «Жұмыс берушілердің түлектер дайындығы деңгейімен қанағаттануы» сауалнамасының нәтижесімен сәйкес жаңарып, жетілдіріліп отырады.

Жақсарту шаралары: 6D011700 – Қазақ тілі және әдебиеті мамандығы докторанттарының диссертациялық жұмыс тақырыптары қазіргі қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының өзекті мәселелерін қамтитындығы байқалды. Жұмыстардың ғылыми аппаратынан диссертацияларда тіл білімі мен әдебиеттану бойынша оқыту мәселелері де бар екендігі анықталды. Дегенмен, аккредиттеуден өтіп отырған Білім беру бағдарламаларының кәсіби/ғылыми бағдары «білім беру» болғандықтан, тақырыптарда әдістемелік бағытқа басымдылық берілуі тиіс.

СТАНДАРТ 4. СТУДЕНТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ, ҮЛГЕРІМ, ТАНУ ЖӘНЕ СЕРТИФИКАТТАУ

Дәлелдеулер мен талдау

6D011700 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасына талапкерлерді іріктеуге және дайындауға бағытталған жүйелі кәсіптік бағдар жұмысының жүргізілетіндігі, талапкерлерді білім беру бағдарламасына қабылдаудың типтік ережесіне сай іске асырылатындығы кафедра құжаттарында көрсетілген.

Оқу жылының басында тіркеу бөлімімен берілетін ақпараттық-анықтамалық докторанттың университеттегі оқу үдерісіне бейімделуі үшін жүргізілген жұмысты көрсетеді.

Университеттегі жоғары технологиялық ақпараттық жүйенің құрылуы және енгізілуі (АСУУП оқу үдерісін автоматтандырылған жүйеде басқару) білім беру бағдарламасы мен білім беру деңгейлері бойынша докторанттар контингентінің электронды базасының бар екендігін көрсетеді.

Докторлық диссертация тақырыптары мен кеңесшілерін бекіту туралы бұйрықтармен, білім беру бағдарламаларының қорытынды аттестаттау бағдарламасымен танысқаннан кейін кафедрада мамандарды сапалы дайындаудың мониторингтік жүйесі жұмыс жасайды деген қорытынды жасауға болады. Докторлық диссертация тақырыптары мен кеңесшілерінің бекітілгендігі, қорытынды емтихан нәтижелері талқыланғандығы, соған сәйкес нәтижесінде пәрменді шаралардың іске асырылғандығы кафедра отырысының хаттамаларында тіркелген.

Ақпараттық лектерді оңтайландыру жұмыстарының жүргізілуін докторанттың әртүрлі деңгейдегі үлгерімі туралы мәліметтер қоры жинақталған ОҰАЖБ-ның (АСУУП оқу үдерісін автоматтандырылған жүйеде басқару) оқу үдерісіне енгізілгенінен байқауға болады. Бұл мәліметтер жүйелі түрде талданып, соның нәтижесінде пәрменді шешімдердің қабылданғандығын көруге болады. Осы ақпараттық жүйеге енгізілген сауалнама нәтижесінен білім беру бағдарламасына жұмыс берушілердің оң баға бергендіктері анықталды.

Білім берудің нәтижесі білім беру бағдарламасында, оқу пәндерінің бағдарламаларында және модульдерінде толық байқалды.

Проректорлармен жүргізілген сұхбаттан, оқу үдерісінің автоматтандырылған жүйесімен (ОҰАЖБ), университеттің Ғылыми Кеңесінің және қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы отырыстарының хаттамаларымен танысу арқылы докторанттың кәсіби өсу үдерісі, оның игерген құзіреттілігінің қалыптасуы ол оқуға түскен кездегі көрсеткен нәтижесінен бастап оның еңбек нарығындағы сұранысқа ие маман болуына дейінгі оқу үдерісінің барлық кезеңінде назарда болғандығына көз жеткізуге болады.

Тестілеу және білім беру қызметтеріне мониторинг жүргізу бөлімі тарапынан бірнеше бағытта жүргізілген сауалнамалардан («Білімгердің білім беру үдерісіне қанағаттануы», «Білімгерлер мен түлектердің оқу бағдарламасын жүзеге асыру сапасына қанағаттануы», «Емтихан сессиясының ұйымдастырылуы») докторанттың жалпы білім беру бағдарламасына және жекелеген пәндерге берген бағасымен танысып, олардың қанағаттанғанын байқауға болады.

Университетте түлектерге «дипломнан кейінгі қолдау» (верификация кезеңі) жүргізілгендігін, түлектердің докторантура бітіргеннен кейінгі еңбек жолындағы ізденістеріне кафедра тарапынан көмек көрсетілгендігін, кәсіби іскерлік тұрғысынан қолдау көрсету мәселелері іске асырылғандығын тестілеу және білім беру қызметтеріне мониторинг жүргізу бөлімінің университет түлектеріне жүргізген сауалнамаларының нәтижелері растайды.

Жоғары білім біліктілігін, оқу кезеңін, формалды емес және бейресми білім беруді қоса алғанда алдағы оқуды тану тәжірибесінде университеттің Лиссабон конвенциясының біліктілікті тану қағидаларын басшылыққа алғандығын, сапаны қамтамасыз ету бойынша басқа мекемелермен, агенттіктермен және ENIC/NARIC ұлттық орталықтарымен ынтымақтастықта екені көрінді.

Айғақтар: І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетіне қабылдау ережелерімен; білім беру бағдарламасына қабылдау шарттарымен; 6D011700 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасының оқу жоспарымен танысуда; оқу үдерісін ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін талдағанда (ОҮАҚЕЖ); докторлық диссертация тақырыбы мен жетекшілерін бекіту туралы бұйрықтармен; білім беру бағдарламасының қорытынды аттестаттауымен; университеттің ғылыми кеңесінің және қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы отырыстарының хаттамаларымен; докоранттардың докторлық диссертациясын «Антиплагиат» бағдарламасында тексеру жүйесімен; докторантқа жүргізілген сауалнамалармен танысу барысында олардың қойылған талапқа сай келтіні анықталды.

Ұтымды жақтары: І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің 6М011700 – «Қазақ тілі және әдебиеті» білім беру бағдарламасының болуы және жалғасын табуы.

СТАНДАРТ 5. ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

Дәлелдеулер мен талдау

Профессор-оқытушылар құрамының біліктілігі 6D011700 – Қазақ тілі және әдебиеті білім беру бағдарламасының бейіні мен жүргізілетін пәндерге сәйкес, ол оқу үдерісі аясында докоранттарға білім беру, кері байланыс орнатуды ұйымдастыруға ықпал етеді.

Профессор-оқытушылар құрамы біліктілігінің деңгейі атқарып отырған лауазымдарына және аталған сала бойынша талап етілетін ғылыми дайындық деңгейіне сай келеді.

